ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 10 ақпан №5165-25-00-2/3480 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Түлкібас көрікті ел» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«IT Supply» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Р.Контаев
жауапкердің өкілі Р.Утеулиев
аудармашы Е.Мырзабек

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 2 маусымда Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Түлкібас көрікті ел» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен «IT Supply» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер, өнім беруші) арасында №66 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер шарт жасалған күннен бастап 80 күнтізбелік күн ішінде 14 227 752 теңгеге 15 дана трицикл

(кроссты, жол талғамайтын мотоцикл) тауарын (бұдан әрі - тауар) жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Шарт қазынашылық органында 2025 жылғы 3 маусымда тіркеліп, жауапкермен 426 832 теңге көлеміндегі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер тауарларды жеткізбей, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 654 476 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер жазбаша қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей, шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін дара кәсіпкер «IT Smart Solutions» шарт жасасып, 100% алдын ала төлем жасалғанымен тауар жеткізілмеген, тексеру нәтижесінде дара кәсіпкер сотты болғаны белгілі болғанын көрсеткен.

Осыған байланысты, пікірінде жауапкер шартты орындамау оның кінәсінен орын алмағандықтан талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Р.Контаев талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі Р.Утеулиев талап қоюды мойындамай, қарсы пікірдегі уәждері бойынша талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

2026 жылғы 10 ақпандағы сот ұйғарыммен талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 279-бабының 1) тармақшасына сай осы бөлігінде қараусыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

АК-нің 392-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Егер осы баптың бірінші тармағындағы ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт жасасу алдындағы келіссөздер мен хат жазысуды, тараптардың өзара қатынастарында орнықкан тәжірибені, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды, талаптардың бұдан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, тиісті мән-жайлардың бәрі ескеріледі.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 17.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Чингиспаева К. С., 20.03.2026
5165-25-3-6/318

АК-нің 393-бабының 1-тармағына сай тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 17-бабының 4-тармағына сай шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның және Шарттың 8.1-тармағының талаптарына сай шарт 2025 жылдың 3 маусымнан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және Шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Істің құжаттарынан анықталғандай, өнім беруші жалпы 14 227 752 теңгеге 15 дана трициклді шарт жасалған күннен бастап 80 күнтізбелік күн ішінде орындауы тиіс болған.

Шартпен белгіленген мерзімде тауар жеткізілмегендіктен жауапкерге шарт бойынша міндеттемелерін орындау туралы бірнеше хаттар жолданған.

Алайда, 2025 жылғы 9 қазандағы шығыс №01 санды хаты бойынша өнім беруші контрагенттің міндеттемелерін орындамаған салдарынан тауарды жеткізе алмағанын көрсеткен.

Сондықтан, өнім берушіге 2025 жылғы 29 қазанда хабарлама жолданып, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған салдарынан 2025 жылғы 13 қарашада шарт біржақты бұзылған.

Демек, сотта зерттелген дәлелдемелерден анықталғандай жауапкер шартпен белгіленген міндеттемелерін орындамаған.

Осыған байланысты, сот жауапкердің қарсы пікіріндегі шарт бойынша міндеттемелерін орындамау оның кінәсінен орын алмағаны туралы уәждерін негізсіз деп табады.

Себебі, АК-нің 10-бабының 1-тармағына сай азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 17.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Чингиспаева К. С., 20.03.2026

өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сондықтан, 2025 жылғы 24 маусымдағы №000008 келісім шарты бойынша дара кәсіпкер «IT Smart Solutions» міндеттемелерін орындамау жауапкерді Шарт талаптарын орындау міндеттемесінен және жауапкершіліктен босатпайды.

Бұл ретте, жауапкер Шарт біржақты бұзылғанға дейін міндеттемелерін орындау бойынша барлық жағдайлар жасауы тиіс болғанымен, тауар жеткізілмеген.

Демек, шарттың талаптарын орындамау жауапкердің кінәсінен орын алған.

Сонымен бірге, істің құжаттарынан жауапкер конкурсқа қатысқан уақытта техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптармен танысып, осы талаптармен келісіп, шартқа қол қойғаны анықталады.

Бүгінге, шарттың талаптары мен оның біржақты бұзылуы жауапкермен дауланбаған.

Істің мұндай тұрғысында, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады және қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Түлкібас көрікті ел» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«IT Supply» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«IT Supply» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 17.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Чингиспаева К. С., 20.03.2026

қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 17.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Чингиспаева К. С., 20.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

5165-25-3-6/318